

31 мамыр,
Сейсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ҰЛТТЫҚ РӘМІЗДЕР – ЕЛДІҢ НЫШАНЫ



МЕМЛЕКЕТ ӨМІРІНІҢ ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘНІ – ТӘУЕЛСІЗДІГІ. АЛ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЕҢ ҮЛКЕН БЕЛГІСІ – САНАЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ БЫЛ 30 ЖЫЛ ТОЛҒАЛЫ ТҰР.

Мемлекеттік рәміз – еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытатын, мемлекетіміздің өткені мен бүгінгі, болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын жеткізетін құнды белгі. Ол халқымыздың тарихы мен тағдырын, ұлы мақсаттарға ұмтылысын білдіреді. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы 2007 жылы 4 маусымда қабылданған болатын.

Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырамайтын атрибуттарының бірі. Біздің ұлттық Туымыз бүгінде БҰҰ штаб-пәтерінің үстінде желбіреп, өнұранымыз Олимпиадада және басқа да халықаралық жарыстарда

шырқалады. Бұл біз үшін үлкен мақтанш! Елбасы Н.Назарбаев «Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті рәміздерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Өнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы – осы» деген болатын.

Еліміздің әрбір азаматының бойынан рәміздерге деген құрметі, оларды бойтұмардай қастерлеуі ерекше сезіліп тұруы тиіс. Рәміздер арқылы елімізді бүкіл әлем таниды. Өйткені онда қазақ халқының бастан өткізген тарихы, мәдениеті мен дәстүрі көрініс береді. Жастардың отансүйгіштік сезімін оятады, патриотизмге үндейді, батылдыққа тәрбиелейді.

Мемлекеттік рәміздер – біздің сонау ғасырлар қойнауынан сыр шертер тағлымды тарихымыздың шынайы көрінісі. Оның мазмұнды нышандары кешегі өткенімізді айшықтап, ертеңгі мақсатымызды айқындап тұр. Рәміздердегі

нышандар арқылы қазақстандық қоғамның өлем алдындағы бейнесі қалыптасады. Рәміздерге деген құрмет – азаматтардың өз елінің азаматы екендіктерін қаншалықты деңгейде түйсінуінің, ел болашағына деген сенімнің және патриоттық сезімдерінің өлшемі.

Бүкілхалықтық сипатқа ие болған бұл мереке баршамызды біріктіре түседі, ұлттық санағы қалыптастырады, патриоттық сезімді оятады. Тәуелсіздікке қол жеткізу тарихында төл рәміздеріміз дүниеге келген сәт – ерекше орын алады. Мемлекеттік рәміздер тек көркем образ ғана емес, тәуелсіз мемлекет құру идеясының жаршысы, ізгі сезімдерді адамдардың жандүниесіне сіңіруге қызмет етеді. Қыран бейнелі көк туымыз, басқаға ұқсамайтын шаңырақ шырайлы шын дара елтаңбамыз, өнұранымыздың өсем әуені мен әдемі мәтіні, тәуелсіз еліміздің атынан өлем алдында сөйлейтін тарихымыздағы ресми белгісіне айналып келеді.

Иә, Қазақстан – Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Өнұранымен

асқақ. Біз Тәуелсіздік төбегірін де, азаттық рухын да, ел дамуының екпінін де, биік меже, асқақ армандарымыздың өлшемін де осы үш киеміз арқылы танимыз. Танытамыз! Көк Туымыз – рухтың байрағы, Елтаңбамыз – елдіктің нышаны, Өнұранымыз – еркіндіктің асқақ үні!

Еліміздегі спортшылар түрлі сала бойынша көк туымызды өлем елдерінің алдына жоғары көтеруді мақсат етеді. Талайы байрақты бөсекеде, бүкіләлемдік олимпиадаларда ел мерейін үстем етіп, мемлекеттік нышанымыздың төрден көрінуіне сеп болып келеді. Бұл біз үшін үлкен мақтанш. Ондай жастар біздің аудан да жетерлік.

– Ақжолтай спортшылар үшін жарыстардағы жеңістері мен жеткен жетістіктері үйреншікті дағды болып кетуі мүмкін. Ал, сол мерейлі сәтте өз жеңісінмен Көк байрағымызды желбіретіп, Өнұранымызды асқақтатып тұрғаныңды сезіну – бір бөлек, – деген еді қоян-қолтық ұрыстан өлем чемпионы, жерлесіміз Ұлан Мұқашев.

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №306 қаулысымен бекітілген

1. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы (бұдан әрі – конкурс) өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурс Отбасы күніне орай қорытындыланады.

Конкурсты өткізудің мақсаттары:

- 1) отбасы институтын, адамгершілікті, руханилықты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану;

- 2) ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;

- 3) отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы

ата-аналарына қамқор болуын дәрiптеу және кеңінен насихаттау;

4) қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау.

2. Конкурста отбасылар (бұдан әрі – үміткерлер) қатысады. Конкурс Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ашық нысанда өткізіледі.

3. Конкурстың жеңімпаз отбасысы комиссия шешімі негізінде айқындалады.

4. Конкурста қатысуға мүшелерінің еңбектеп, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі.

Құжаттарды қабылдау уақыты 2022 жылдың 15 мамырдан бастап 15 маусым аралығы.

Байланыс телефондары: 8(71332) 21153, 22019

«Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫ ХАТШЫСЫНЫҢ ШЕШІМІ

26 мамыр 2022 жыл

№ 14

Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың кезекті он үшінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:** Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті он үшінші сессиясы 2022 жылдың 8 маусымы күні сағат 10.00-ге аудан өкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. 2021 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы жайлы аудан өкімдігінің есебін бекіту туралы
Баяндамашы: Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

2. 2021 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуына жүргізілген бақылау қорытындылары туралы
Хабарламашы: Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясы

3. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 12 маусымдағы №405 «Ойыл ауданындағы денешынықтыру мен спорттың жағдайы және одан өрі дамыту бойынша шаралар туралы» шешімінің орындалуы туралы
Хабарламашы: Н.А.Атағалиев - аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы

4. Басқа да мәселелер.

Аудандық мәслихат хатшысы:

қолы қойылған

С.Ф.Займолдин

ЖАС ТҮЛЕК – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕҢІ



Міне көзді ашып-жұмғанша тағы бір оқу жылы аяқталды. Мектебін бітіріп, қияға қанат қағатын жас түлектер үшін, ең қымбат, ең қимас, ең бір ұмытылмас жүрек тебірентер сәт, соңғы рет соғылған қоңырау үні. Бұл – балалық балдырғанның бір белесі. Осы орайда өткен сәрсенбі күні

еліміздің барлық өңірінде соңғы қоңыраудың үні сыңғырлады. 11 сыныпты бітіріп жатқан түлектер алтын ұя мектебімен қоштасты. Дәл осындай салтанатты шара Ойыл қазақ орта мектебінде де өтті. Айтулы мектептің алдында өткен шара түлектер мен озаттар және мектеп

бітіргендеріне 20 жыл болған түлектер шеруімен басталды. Одан кейін мектеп директоры Шынар Бисенова барша түлектерге сәт сапар тілеп, озаттар мен үздіктерді арнайы мақтау қағаздарымен марапаттады. Өрі қарай аудан әкімі Асқар Қазыбаев аудандағы білім саласы бойынша жан-жақты мәлімет беріп, құттықтау тілегін жеткізді. Сондай-ақ «Анвар» ЖШС-нің директоры жерлесіміз Талғат Салфиқовтың мектеп ұжымына тарту еткен 1 миллион теңге сертификатын табыстады. Ал, ата-аналар мен ұстаздар тарапынан тегілген ақ тілектер түлектер үшін үлкен өмірдегі жаңа қадамдарына жолдама берілгендей күй кештірді.

Сондай-ақ оқушыларды оқу жылының сәтті аяқталуымен құттықтап, ақ жол тілеп, ағы мен қарасы қатар жүретін өмір жолында жолдарын ашық, мұраттарың биік болсын деп ізгі тілегін жеткізді. Ендеше бізде барша жас түлектерге «Армандаған білім ордаларыңызға оқуға түсіп, алға қойған мақсаттарыңыз орындалсын», - деп болашаққа қадам басқан жаңа өмірлеріне сәттілік тілейміз.

Р.С. Аудан бойынша 162 мектеп бітіруші алтын ұя мектептерімен қоштасып, жаңа өмірге қадам басуда. Олардың ішінде 20 түлек «Алтын белгіге», 9 оқушы үздік аттестатқа үміткер. Ойыл қазақ орта мектебі бойынша 34 түлектің үшеуі «Алтын белгіге», екеуі үздік аттестатқа үміткер. Жаңа оқу жылында Ойыл қазақ орта мектебіне бірінші сыныпқа 40 бала қабылданады деп күтілуде.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



Газетке жазылу - 2022

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2022 жылдың II жарты жылдығына жазылу басталды

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Занды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

«ӘР ДАУЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ БАР»



5 маусым – елімізде республикалық референдум өтеді. Саяси науқанның маңызы мен Ата Заңға енгізілетін өзгерістерді түсіндіру мақсатында кеше ауданымызға Ақтөбе облысы әкімі аппаратының басшысы Қайрат Райымқұлов пен «ПромМаркет» ЖШС директоры, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Серік Алипов келді. Жиынға мекеме басшылары, аудандық қоғамдық штаб мүшелері қатысты.

Жиын барысында елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалар мен жалпыхалықтық референдум өткізудің маңыздылығын түсіндірді.

РЕФЕРЕНДУМНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТҮСІНДІРІЛУДЕ

Конституцияға енгізілетін өзгерістер бойынша 5 маусым күні өткелі отырған бүкілхалықтық референдумға орай халық арасында түсінік жұмыстарын жүргізу жалғасуда.

Осы орайда аудандық штаб төрағасы Серікбай Қойбағаров, штаб мүшелері аудан орталығындағы мекемелермен «Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ, «Ойыл обғаға қарсы күрес бөлімшесі» мекемесі, «ХҚҚО» Ойыл аудандық бөлімі ұжымдарымен кездесті. Кездесу барысында референдумның маңызы мен мақсатына тоқталып, дауыс берудің ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар Қайыңды ауылдық округінен кездесу өткізді. Мұнда мектеп

- Әр дауыстың маңызы бар. Конституцияға референдум арқылы 1995 жылдан бері өзгеріс енгізілген жоқ. Сондықтан Мемлекет басшысы осындай ұсыныс жасады. Енді біздің еліміздің әрбір тұрғыны қатысып, өз ұстанымын білдіруі керек. Дауыс беру қорытындысы негізінде Парламенттің алдында конституциялық заңдарды қабылдау бойынша ауқымды жұмыс тұр, - деп, жиынға қатысушыларды бүкілхалықтық дауыс беру арқылы Жаңа Қазақстанның Ата Заңын өзгертуге бірге атсалысуға шақырды.

ұқымымен, модельді кітапханасының қызметкерлерімен және дәрігерлік амбулатория, Саға балабақшасының тәрбиешілерімен кездесу өткізді. Кездесуде жиналғандар өздерінің пікірлерін, ойларын ортаға салды. Олар заңнамалық өзгерістерде қарапайым халықтың ұсыныс пікірі ескерілсе дейді. Себебі алдағы конституциялық референдум тұтас мемлекеттің болашағына әсер ететін, бұдан да жарқын келешектің іргетасын қалайтын аса маңызды құн болмақ.

Кездесу соңында референдумға байланысты сұрақтарға жауап беріліп, саяси науқанға белсенділік танытуға шақырды.

АТА ЗАҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Қазақ даласында рулық, тайпалық, хандық-мемлекеттік түсінік қалыптаса бастағаннан бері жалпыға ортақ белгілі бір тәртіпке деген сұраныстың туындағаны сөзсіз. Десе де бұл туралы құжатты деректер жоқтың қасы. Не болмаса бұл түсініктер тіпті де қағаз бетіне түспеген, не болмаса жаугершілік заманындағы соғыс салдарынан ізім-қайым жоғалған.

Осы күнге дейін бар екендігі нақты дәлелденіп, қандай да бір тарихи дәлелі бар болып саналатын ең көне заң – Шыңғыс ханның «Ұлы жасағы». Қазіргі таңда бұл заңның түпнұсқасы сақталмағаны туралы бірден айтуымыз керек. Бірақ бұл заңның таңбаға түсіп, нақтылы күшке ие болғаны туралы тарихи деректер жетіп артылады. Мысал ретінде Шыңғыс ханның: «Мемлекеттің меншігін жөнге салып, дау-дамайларды реттеп, ол туралы көк дептерге жазып отыруы шарт, Шиххутүтің менімен келісіп шешіп, ақ қағазға көк сиямен түсірген хаттамаларын ұрпақтан ұрпаққа дейін есім бұзбайтын болсын», деген сөзі тарихта қалғанын айтуға болады.

Шыңғыс ханның ғұмырын зерттеуші ғалымдардың дерегіне сүйенсек, бұл шамамен 1210 жылдар болуы керек. Демек, бұл – Қазақ даласындағы алғашқы ресми заң. Қисаптың қисынына салсақ, қазіргі Ата Заңға дейінгі аралықта қазақ даласындағы заңдар эволюциясы шамамен 800 жылдам астам уақытты алады.

Осы сегіз ғасыр ішінде көк дәптердің келбеті құрылған мемлекет, өзгерген өркениет пен жаңа басқару жүйесіне ауысуы секілді тарихи факторларға орай бірнеше мәрте толықтырылып келді. Мәселен, «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», өз Төуке хан тұсындағы «Жеті жарғы» заңдары болып таңбаланғанын шежіре беттері шатаспай парақтап беріде.

Иә, әлбетте бұл біздің төл заңдарымыз. Мұндай бақытты қайта сезіну тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана бұйырды бізге. Егемен елдің ең басты құжаты, ең асыл кітабы Конституция сахнаға шыққан шақ еді ол кез. Бүгінгі тарқатылар тақырыптың төркіні де осы тақырыпқа келіп ат

байлап отыр.

Президентіміз наурыз айындағы Жолдауында еліміздің саяси жүйесіне ауыз толтырып айтарлық ауқымды өзгерістер жасайтынын мәлімдеген болатын. Тәуелсіздік тарихындағы ең күрделі сыннан аман өтіп, дауылды өңсергендегі тыныштықтан соң бұл Жолдаудың жолы да, жөні де басқаша болатынына елі сеніммен қарап, үмітпен күткен еді. Алқалы жиында алаш жұрты арманы орындалардай ауқымды бастамалардың күегері болды. Соның ең бастысы – Ата Заңымызға енетін өзгерістер туралы ұсыныс еді.

Мемлекет басшысы көп ұзамай бұл басты құжатқа енетін өзгерістер мен толықтырулар халықтың таңдауы болуы тиіс екенін атап өтіп, референдум өтетінін мәлімдеген болатын. Соған сәйкес елімізді демократияландыру бағытында үлкен қадамдар жасалу көзделіп отыр.

Референдум – мемлекетіміздің межелі уақыттан бері орын алып отырған ең елеулі саяси оқиғасы болғалы тұр. Қазіргі Ата Заңымыз соңғы рет осыдан 27 жыл бұрын жалпыхалықтық референдумда қабылданған болатын. Ал басты заңға одан кейінгі жылдары енгізілген өзгерістер Парламент қабырғасында мақұлданып, халықпен еш санаспай бекітіліп келді. Әлбетте, бұл үрдіс ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына қарама-қайшы құбылыс. Конституциялық өзгерістерді осыша уақыттан кейін халықпен кеңесіп қабылдауға деген талпыныс ең уелі демократияға деген ұмтылыс болса, кейінгісін алдағы жоспарланған референдумның да маңызын, салмағын өсіретін қадам болмақ.

Енді, біз алдағы жоспарланған референдум барысында Конституцияға енгізілетін өзгерістердің негізгі ерекшеліктері мен маңызды бастамаларына тоқталып өтсек.

Бірінші кезекте, өлбетте ең маңызды өзгеріс – мемлекеттік басқару жүйесіндегі модельдің өзгеруі. Еліміз «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республика формасына

көшеді. Демек алдағы уақытта Парламенттің ықпалы, Үкіметтің есептілігі артатын болады. Президент өзінің өкілеттігі көзінде партиядан шығады. Осылайша, ол барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін сақтай алады. Бұл үрдіс елдің саяси жүйесіне айтарлықтай жаңғыру өкеліп, партиялар арасындағы бәсекелестікті арттыратын болады.

Осы тұста аса мән беріп айтатұғын бір дерек бар. Осы өзгерістер мен толықтырулардың кезінде Мемлекет басшысы өзінің өкілеттігін немесе билігін күшейту үшін бірде-бір өзгеріс жасауға ұсыныс білдірген жоқ. Керісінше, бас құжатқа таңбаланатын барлық дерлік өзгеріс биліктің басқару институттарын күшейтуге бағытталған.

Мысалы, Мемлекет басшысы бұдан былай облыс әкімдерінің әкімдерін жоя алмайды. Аудандық, ауылдық әкімдерді қызметінен ала алмайды. Бұл, түптеп келгенде, Президентіміз айтқандай үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтуға бағытталған шешімдердің басы ғана.

Иә, жоспарланған өзгерістерді әр қазақстандық сезіне алады. Бұдан былай жергілікті атқарушы билік органдары мен жергілікті өкілді органдардың жұмысы үлкен өзгеріске ұшырамақ. Бір сөзбен айтқанда, олардың дербестігі артады.

Ата Заңымызға енетін тағы бір айтарлықтай жаңалықтың бірі нөмі бірегей – жер мәселесіне қатысты. Иә, тамыры терең тарихымыздың қай кезеңінде болсын қазақ үшін жер мәселесі қашанда өткір тұрған-ды. Қазіргі уақытта да қоғам арасындағы беті ашық жара секілді ашы мәселе осы жер төңірегінде тұрғаны дәлелді талап етпейтін ақиқат. Президентіміз ұсынып отырған мәселеге сәйкес осы жер мәселесі түбегейлі шешіліп, тұтастай халық меншігіне өтетін болады. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі болады. Бұрын бұл мемлекеттік меншік еді.

Жалпы алғанда мемлекетті басқару ісіндегі ең маңызды құрал – сенім. Ал сенімді ұлпататын ең үлкен күш – өділеттілік. Президент ұсынып

отырған осы реформалардың түпкі негіздері «өділдік» деген асыл ұғымға саяды.

Бұл тұста конституциялық соттың құрылуы, сөз бостандығы мен журналистер қауымының жұмыстарына жаңа серпін беру, мемлекеттік қызметтегілерге ашықтық ұстанымын ұстауды талап ету секілді ұсыныстар халық пен қоғам тарапынан жылы қабылданып жатқанын байқауға болады. Себебі өділдік пен ашықтық болмаған жағдайда мемлекетке де, қарапайым адам болашағына деген де сенімнің болуы неғайбыл.

Мемлекет басшысы ұсынып отырған Конституциялық реформаның басты мақсаты да осы қағидаларды іс жүзінде көрсету болып табылса керек.

Референдум – маңызды саяси оқиға. Конституциялық реформаның менін халыққа түсіндіру жұмысы қызу жүрде. Осы жұмыстардың аясында Алапат партиясы штабының мүшесі ретінде өңірлерді аралап халықпен, еңбек адамдарымен көптеген жылы жүздесулер өткіздік. Біз барған Шымкент, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қостанай халқы бұл саяси реформадан жыл келгендей жаңалық пен өмірлерін өзгертетін жақсылық күтіп отыр. Өңірлердегі азаматтарымыздың Мемлекет басшысының саясатын қуаттайтынын, қолдайтынын аңғардық. Елдің өзгерістерге деген ықыласы ерек. Енді осы қолдауымызды іс жүзінде көрсету маңызды деп білеміз. Сондықтан, азаматтарымызды 5 маусым күні өтетін жалпыреспубликалық референдумға белсенді қатысуға шақырамыз. Қай заң болсын не өзгерсе, не толықса тарихи кезеңнің бастауында тұрады. Шыңғыс ханның «Ұлы жасағынан» бергі заңдар эволюциясы да осы көріністі растайды. Бұл – тарихтың жаңа беті. Сондықтан «Жаңа Қазақстан» түсінігі құр бос сөз бен ұран емес, «Екінші Республиканың» есігін ашатын ұлы сапардың кіріспе сөзі деп қабылдау шарт.

Берік УӘЛИ, «Хабар» Агенттігі» АҚ Басқарма төрағасы.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ



Қазіргі уақытта барлық мемлекеттік және қоғамдық институттар жұмыла кіріскен Жаңа Қазақстанды құру жолындағы ауқымды мемлекеттік құрылыс процесі жүзеге асырылуда. Жаңа Қазақстанды құру мақсаттары – айқын. Бұл дегеніміз құқық және заң үстемдігі қағидатын жаппай енгізу негізінде қазақстандықтардың өмірін сапалы өзгерту үшін жағдай жасау деген сөз.

Мамыр айының алғашқы онкүндігінде Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі көшпелі отырыс өткізді. Онда заң білімінің сапасын арттыру мәселелерімен қатар елімізде жүргізіліп жатқан конституциялық реформалар туралы қадамдар да талқыланды. Сонымен қатар депутаттар Алматы қаласы заң консультанттары палаталарының өкілдерімен кездесулер өткізді.

Кездесулер барысында тіпті кәсіби заң қауымдастығында, ғалымдар мен іс мамандары арасында Конституцияға енгізілетін түзетулерге байланысты түсіндіруді қажет ететін кейбір мәселелер туындағандығына көз жеткіздік. Мысалы, түзетулерді өзірлеу, талқылау нәтижесін осындай «кеделдетілген» режимде өтіп жатыр? Нәтижесін түзетулер тек осы мәселелермен ғана шектеледі? Бұл түзетулер елдің саяси жүйесін реформалау жолындағы проблемаларды шешу үшін жеткілікті ме? «Заң шығару» жобасындағы Үкіметтің кеңейтілген өкілеттілігі туралы мәселе өткір қойылды.

Маңызды және терең мағынасы бар мұндай сұрақтар жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін түсіну үшін нақты жауапты талап етеді.

Бірінші. Біз «тарихи уақыттың» жеделдету дәуірінде өмір сүріп жатқанмыз белгілі. Бұл жеделдету барған сайын қарқын алып барады. Оған жаһандық өлемдегі жағдайдың күрделенуі, барлық дерлік мемлекет бастан кешіп отырған бірқатар геосаяси және экономикалық сын-қатердің бой көтеруі ықпал етуде. Барлық мәселе табыстар мен жетістіктерді былай қойғанда,

мемлекеттерде тұрақтылықты, тығырықтан шығу жолдарын айқындауға тіреліп тұр. Біздің еліміз жаһандық проблемалармен бірге, қаңтардағы қайғылы оқиғаларға әкеп соқтырған бірқатар ішкі проблеманы бастан кешуде.

Осындай түйінді мәселелерге қайтарылатын жауапты кейінге қалдыру мүмкін емес. Оның бөріне ден қою, түпіндерді шешу неғұрлым шұғыл сипат алуға тиіс. Ел басшысының бұл бағытта алға ұмтылудағы қатаң талаптары бар болғаны екі ай ішінде атқарылған аса маңызды істерден көрініс тапты. Әлбетте, заңнамалардың бұрмалануына жол беріліп жатқан жоқ. Мемлекет түзетулерді кеңінен талқылау, оларды түсіндіру үшін барлық қажетті шараны қабылдады және оларды қабылдау рәсімі қолданыстағы заңнамаға толық сәйкес келеді.

Екінші. Конституцияға енгізілетін түзетулер топтамасын нақты нормалардың мазмұны мен олардың шеңбері тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге оның мәні, осы түзетулердің елімізді саяси, экономикалық, әлеуметтік жаңғыртудың жалпы процесінде атқаратын рөлі тұрғысынан да қарау керек.

Конституцияның мемлекеттің негізгі заңы ретіндегі ережелері тікелей қолданыста болса да, ең бастысы мемлекеттік құрылыстың негізін анықтайды, оның іргетасы ретінде қызмет етеді, негізгі идеялары мен қағидаттарын қалыптастырады. Содан кейін конституциялық ережелер конституциялық заңдарда және басқа да заңнамалық актілерде, заңға тәуелді актілерде, мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, азаматтар мен ұйымдардың қызметінде іске асырылады. Референдумда біз дауыс беретін құжат алдағы саяси өзгерістердің болашағын белгілейді және негізін қалайды.

Осындай ауқымды реформалардың да өзіндік даму қисыны бар. Бұл – жүйелілік және кезеңділік. Мұндағы ерекшелік – бұра тартуға жол бермейді, қолдағы бар тәжірибеге сүйене отырып, оңтайлы жолдарды

іздістеруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні аталған өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау ең басты болып табылғанымен ол Қазақстанда мемлекеттік құрылысты жалғастырудың іргетасын қалаушы реформаның алғашқы сатысы ғана. Сол арқылы келесі сатыларға аяқ басатын боламыз.

Бірақ саяси трансформацияның жалпы векторына сәйкес, бұл бірінші кезеңнің өзіндік мақсаттары мен міндеттері бар.

Біріншіді, бұл дегеніміз, одан өрі және тиімді демократияландыру, яғни мемлекеттік мәселелер мен проблемалардың кен ауқымын шешуде жұртшылықтың белсенділігін арттыру, қоғам мүшелерін, өмір азаматты саяси өмірге қатысудың алуан түрлі нысандары – партиялардың, басқа да үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына, жергілікті және орталық органдарға сапалыға, мемлекет қабылдайтын шешімдерді талқылауға тарту.

Екінші бағыт – мемлекеттің өзін, мемлекеттік аппаратты реформалау, оның ішінде оны бюрократиядан арылту. Мұндағы мәселе жекелеген мемлекеттік органдардың атаулары мен қызметін өзгерту ғана емес, жекелеген мемлекеттік органның, әр мемлекеттік қызметшінің өз қызметіне деген көзқарасын түбегейлі өзгерту болып табылады. Бұл реформа заңнама мен мемлекеттік органдар жүйесін өзгертуді ғана талап етпейтін түсінікті. Ол әрбір мемлекеттік қызметшінің, әрбір азаматтың психологиясын өзгертуді талап етеді. «Азаматтар үшін мемлекет» қағидаты басқаша емес, жалпыға ортақ болуға тиіс. Қазақстан ғылымының патриархы, ел тәуелсіздігінің алғашқы қарлығаштарының бірі академик Салық Зиманов құқықтық реттеудің негізгі мақсаты адамның тұтыну қажеттіліктері, құқықтары мен бостандығы болуға тиіс екенін бірнеше рет айтқан болатын.

Конституциялық реформаның кейбір қарсыластары Конституциялық Кеңесті Конституциялық сотпен алмастыру кеңсе мәңгілешасын ауыстыру ғана деп түсінді. Сот – бұл нақты дауларды қарастыратын және

белгілі бір құқықтар мен мүдделерді қорғайтын, сот төрелігін жүзеге асыратын орган. Конституциялық сот сот төрелігін жүзеге асыратын, Конституцияны және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын орган болып табылады.

Конституциялық Кеңес, менің ойымша, еліміздің конституциялық құқық актілерінің негізгі шоғырын құраған Конституцияның жекелеген нормаларын түсіндіру жөніндегі көптеген қаулы шығара отырып, өзінің тарихи миссиясын орындап болды. Енді азаматтардың конституциялық ережелерді күнделікті өмірде, өзекті мәселелерді шешетін конституциялық сотқа тікелей жүгінуі арқылы жүзеге асыратын уақыт келді. Көптеген елдегі сияқты қазақстандық құқық қолдану тәжірибесінде де азаматтың бір ғана тұрғын ой алуға қол жеткізу мәселесі шешілуде. Бұл аса қарапайым мәселе емес. Ол өркімнің өз міндеттемелері бойынша жауапкершілігі және адам құқықтары жөніндегі көптеген халықаралық актіде бекітілген адамның тұрғын ой құқығы арасындағы тепе-теңдікті іздістеруді талап етеді. Қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілердің Конституцияға, конституциялық құқықтар мен бостандықтарға қаншалықты сәйкес келетіні туралы осы және сол сияқты мәселелерді Конституциялық сот шешуіе тиіс болады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу – азаматтарды мемлекет мәселелерін шешуіне және мемлекеттік аппаратты реформалауға тарту осы бағыттағы жұмыстарды одан өрі сапалы жаңа деңгейде жүргізуіе мүмкіндік береді.

Үшінші. Мемлекеттік биліктің теңдестірілген жүйесін құру. Шынында да, бірқатар конституциялық түзету атап айтқанда, іс жүзінде заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерді қабылдаудағы атқарушы биліктің қосымша өкілеттіктерін қарастырады. Алайда мұндай түзетулерді конституциялық реформаның жалпы мәнмәтінінен тыс, оқшау қарастыруға болмайды.

Мемлекет басшысы наурыз айындағы Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет тұрақтылығының негізі болып табылатын саяси жүйенің мынадай формуласын айқындап берді: «мықты Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет».

Біз түзетулер топтамасынан осы мақсатқа жетуге бағытталғанын бірқатар өзгеріс пен толықтыруды көріп отырмыз. Ол – Президент өкілеттігін азайту, «супер-президенттік» атаудан бас тартып, президенттік - парламенттік республикаға көшу, тұтастай алғанда, билік тармақтарын бөлудің, тежемелік өрі тепе-теңдік жүйені пайдаланудың конституциялық қағидатын іс жүзінде тиімді іске асыруды көздейтін билік институттарының жаңа моделін құру.

Шынайы халықтың өкілдікті жүзеге асыратын және осыған байланысты ықпалды болып табылатын, тиімді жұмыс істейтін Парламент болмаймыз Президенттік билік күшті және беделді бола алмайды. Ал нақты, іс жүзінде Үкіметтің есеп беру жауапкершілігі оның кеңейтілген заң шығару

өкілеттіктерін теріс пайдалану тәуекелдерін жояды.

Құқық үстемдігі қағидаты негізінде мемлекеттік билік жүйесінде тең құқықты өріптеп болатын заң шығарушы орган – Парламенттің ұйымдастыру және оның жұмысын реформалау шараларына толығырақ тоқталғым келеді.

Конституция бойынша Парламент заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылады. Конституцияға енгізілетін түзетулер негізі болып саналатын оңтайландыру Парламенттің, оның Палаталарының, әрбір депутаттың барлық функциясына қатысты болуға тиіс.

Ең алдымен, депутаттық корпуссты өкілдік функциялары күшейтілуі керек. Депутаттардың заң шығару, заң шығару қызметі жұртшылықтың сұраныстары негізінде құрылуы қажет. Біздің азаматтарымыздың «бастамашыл заңнамасы» депутат заңнамалық бастама арқылы іске асырылуға тиіс. Депутаттар Үкімет ұсынған заң жобаларын «тазартумен» немесе сараптамалық және «техникалық» жұмыстармен аянылспай, қоғам мүшелерінің сұранысы негізінде қабылдануы қажет заңнамалық актілер тұжырымдамасын өзірлеуге тиіс. Мысалы, Парламент қабылдаған соңғы заңдардың бірі бойынша депутаттар үкіметтік заң жобасының 32 бабына 307 түзету енгізді.

Бұл ретте кесіптік біліктілікті арттыра отырып, заңнамалардың тиімділігіне мониторинг жүргізу, жаңа заңдарды қабылдаудан күтілетін нақты нәтижелер және тағы басқалары бойынша жұмыстарды күшейту арқылы заң шығару қызметінің сапасына талапты көтеру қажет. Тұтастай алғанда, қазірдің өзінде күш-жігерді құқықтық салаға қауіп төндіретін қабылданған актілердің санынан олардың сапасына қарай көше отырып, заңнаманың тиімділігін арттыруға шоғырландырылуы тиіс. Өріне, атқарушы биліктің, Үкімет мүшелерінің қабылданған заңдарды орындау жауапкершілігіне парламенттік бақылауды жандандырып, оның рөлін көтеріміз керек.

2017 жылғы конституциялық реформа арқылы осы механизмді енгізудің алғашқы қадамдары жасалған болатын. Енді осы жұмысты жетілдіріп, оны іске асыру механизмдерін айқындап алуымыз және нақты жұмыс істейтін парламенттік бақылау туралы нормаларды қарастыруымыз қажет. Парламенттік бақылау ғана атқарушы биліктің қосымша өкілеттіктерін шынайы таразылап, ел Президенті айтқандай, есеп беретін Үкіметке қол жеткізе алады.

Заң қатаң айқындалған мақсаттарды, өлшемдерді, көрсеткіштерді қамтып, оларға қол жеткізу атқарушы биліктің қасиетті борышы болуға тиіс. Сонда ғана атқарушы биліктен заңның орындалуын талап етуге және соған сәйкес Конституцияға енгізілген түзетулерде аталғандай белгілі бір Үкімет мүшесінің дербес жауапкершілігі туралы мәселені қоюға

болады.

Бірінші кезекте, айтылғанның бөрі, түзетулерге сәйкес, Республика Үкіметі «өкілетті заң шығармашылығы» деп аталатын тәртіпте қабылдануы мүмкін актілерге қатысты. Конституцияның 61-бабына түзетулер Республика Үкіметінің заңнамалық бастамасы тәртібімен заң жобалары енгізілуі мүмкін деп көздейді, олар «халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Парламенттің өз Палаталарының бірлескен отырысында дереу қарауына жатады», осындай заң жобалары енгізілгеннен бастап және осы мәселелер бойынша Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейінгі кезеңде «Республика Үкіметі заң күші бар уақытша нормативтік-құқықтық актілерді өз жауапкершілігіне алуға құқылы». Осы жағдайда шынымен шұғыл шаралар қабылдау мүмкіндігі жөнінде сөз болып отырғанын есте ұстау қажет. Өріне, мұндай заң жобалары Парламент қарауына енгізілген кезде де, Үкіметтің тісті «уақытша» және жедел актілері қабылданған кезде де ұсынылып отырған заңнамалық шаралар азаматтардың өмірі мен денсаулығына, мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қандай жағдайларды жоюға бағытталғаны нақты көрсетілуіге тиіс. Үкімет «өз жауапкершілігіне» алатын осындай актілер қабылданатыны айтылып отырған соң, мұндай актілер жіті парламенттік бақылауда болатынын атап өтеміз.

Конституцияға енгізілуі тиіс түзетулер мәні осы бапта санамалап өткен бағыттармен шектелмейді. Оның үстіне оларды қабылдау тетігінің өзі демократияландыруға бағытталған осы реформалар түсінігінен шығып отыр. Сондықтан Мемлекет басшысының Конституцияға өзгертулер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы шешім қабылдауы кездейсоқ емес. Адам өз өмірінің бағытын өзі анықтауы керек.

Салық Зиманов мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болып табылатын стратегиялар мен нақты бағдарламаларды өзірлеуде ескірген өкімшілік-саяси режимнен зияткерлік топтың, ғылымның рөлі мен ықпалын күшейтетін дамудың интеллектуалдық-саяси кезеңіне өту қажеттілігін атап көрсеткен болатын. Отандық заңгерлік сала ғұлмасының аманатын орындай отырып, біз Жаңа Қазақстан жолына алғашқы қадам жасадық. 5 маусымдағы референдумда ел азаматтары Президенттің Ата Заңымызға ұсынған түзетулерін қолдайтынына бек сенемін. Осы негізде қолда бар оқ тәжірибені ескере отырып, халықтың үлкен әлеуетін пайдалана отырып, Жаңа Қазақстанды құру жолындағы сапарымызды жалғастыру қажет.

Қанатбек САФИНОВ, Сенат депутаты. «Егемен Қазақстан»

XX ҒАСЫРДА ҚАЗАҚТАР ҰШЫРАҒАН АШАРШЫЛЫҚ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?



XX ғасырдың 20-30 жылдары ұшыраған қазақ халқының ашаршылық қырғыны байлардың көмпескелеуден шыққан еді. Тарих ғылымы өлі де Қазақстандағы репрессияның қазақ байларын құртып-жоюдан басталғаны турасында тіс жара қойған жоқ. 1919 жылғы көктемде болған большевиктер партиясының 8-сезінде Владимир Ленин Қазақстанның сол кездегі бөлшебик басшысы Станислав Пестковскиге «Қазақ байларымен нақты күрес турасында ойластыру керек» дегені бар. Бұдан кейін тіпті қазақ байларына ғана бағытталған заңдар шыға бастады.

1927 жылғы қарашада өткен Қазақ АССР-ның 6-парткомференциясында ірі байлардың малы мен құрал-сайманының бір бөлігін төрк етуге жол ашу жөнінде ұйғарылды. 1928 жылы 27 тамызда Қазақ АССР-ның Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің «Бай-феодалдардың ірі шаруашылықтарын төркілеу туралы» қаулы шығарды. Бұл құжатта «Қазақтар көшпелі рулық қатынастармен тірлік ететін мәдениет жағынан артта қалған халық, ірі бай адамдар бұл республиканың экономикалық-мәдени дамуын тежеп отыр. Сондықтан совет билігін орнату үшін ірі байлардың кедейлерге ықпалын жою керек» делінген. Бұл құжат арқылы бөлшебиктер билігі Ұлы далада үлкен ықпалы бар қазақ

байларының көзін жоймай, Қазақстанда советтік билік орнату мүмкін еместігін ашық айтып отыр.

Үш күннен кейін «Мүлкі төркіленгендердің айдалатын орнын анықтау туралы» тағы бір қаулы шығады. Бұл шешімге сөйкес қазақ байларын өздерінің туған жерлерінен өзге өңірге жіберіп, олардың ықпалдарын жойғысы келді: оңтүстік пен Жетісу байлары - Орал қаласына, оралдық байлар - Жетісуға, атыраулық байлар – Қызылжарға, Қарқаралы байлары - Қостанайға, семейлік байлар - Шымкент жаққа, керекүлік байлар - Ақтөбеге, Шымкент байлары – Маңғыстауға, Ақмола байлары – Атырауға, ақтөбелік байлар – Қарқаралыға, қостанайлық байлар – Семейге айдалатын болды. Бірақ бөлшебиктер қазақ байларының қай жерде де қадыры барын білмеді.

Қазақ байлары өр ауылдың, өр рудың экономикалық тірегі болғаны мәлім. Бөлшебиктердің теориясына сөйкес бай мен кедейдің арасында шын мәнінде ағайынгершіліктен өзге таптық көзқарас та, тартыс та болмады. Бай өруақта кедейлер үшін материалдық көңкеріс көзі ғана емес, көзі ашық, көкірегі ояу тұлға ретінде сөйліс еді. Қазақ ауылдары мен өмірлеріндең ағарту саласы мен дін, басқа да рухани-мәдени шаралар байлардың күшімен ғана жүзеге асатын.

Тіпті, қазақ даласына кең тараған

алғашқы «Қазақ» газеті мен «Абай» журналы Есенғұл мен Тұрысбек Маманұлдарының демеуімен шыққан еді. Осындай қазақ байларының демеушілігі арқасында ресейлік білім беру орындарында біліммен сусындаған қазақ жастары Алашорданың негізін қалағаны рас болатын. Қазақтың маркасқалары Ресей тарапынан мойындарына іс түскенде де, оларды арашалауға байлардың өлеуеті араласқаны мәлім. 1906 жылы Міржақып Дулатұлы түрмеге түскенде, оны байлар Қаражан Үкібайұлы мен Қасен Ақайұлы 7500 рубль төлеп босатып алған екен.

Алашорда көсемі Әлихан Бөкейхан Семей түрмесінде наұқастанып қалғанда, бай Медеу Оразбайұлы «Өлеке қазаққа керек адам» деп баақтыға күн сайын қымыз бен қой етін тасумен болыпты.

Патшалық Ресей құлап, уақытша өкімет орнағанда, қазақ байлары бірігіп Алашорданы қолдайды. Ике Әділ, Есенғұл Маман, Қасен Ақайұлы, Баймұхамбет Қосшығұл, Тобанияз Әлниязов секілді ондаған байлар барлық шығынды өз мойындарына алады.

Ресейде Азамат соғысы тұтанғанда, қазақ байлары тағы да Алаш әскерін қаржыландырып, жасақтайды. Ыбырай Ақбай алашордалық 600 сарбаздың киім-кешегі мен қару-жарағына

жұмсалатын шығынды өз мойнына алады. Иса Көпжасар Алаш әскеріне таңдаулы 100 арғымағын береді. Абайсалық Омар алашордашыларға 200 мініс ат бөледі.

Қазақ байлары осылайша мемлекет құруға аянбады. Осының бәрін сырттай бақылап біліп отырған бөлшебиктер, өз билігін толық орната бастаған тұста қазақ байларына да бас салды. Ресейде шаруа мен помещиктерді бір біріне айдап салып, тап тартысын қоздырған бөлшебиктер Қазақстанда ол қылықтарын іске асыра алмады. Бұқара халық байларға қарсы шықпады, олармен тартыспады. Өйткені, бай мен кедей жайылымды ортақ пайдаланып, өріс пен еңбекті өділ бөлісті. Және де, әдетте бұлар бір атаның баласы болып келетін еді. Жұт кезінде, табиғат апатында бүкіл ауыл байдың малын аман алып қалуға жабыла кірісті. Сондықтан бөлшебиктер байлардан мүлдем құтылып, қара халықты өз құзырына толық алуды ойластырған еді. Сөйтіп, қазақ байларын олар жалғыз-жарымдап емес, өулетімен құртуға кірісті. Белгілі тарихшы Талас Омарбектің жазуына қарағанда, 1928-1929 жылдары бөлшебиктер билігі ірі 696 қазақ байын құртып жіберген. Ал 1933 жылы 22933 байдың тұқымын жойып жіберді.

Осының кесірінен қазақ халқы жаппай ашаршылыққа ұшырап, қырылды. Бұның барлығы қазақтың өлеуметтік құрылымын жойып, қазақтардың үйреншікті тіршілік кезінен тез арада жойылып, басқа кәсіпті меңгеруге шамасы келмегендіктен болған жойқын қырғын еді. Бұдан кейін зорлап ұжымдастыру келсе алынды да, оларды шолақ белсенділер басқарып халыққа тағы да қырғидай тиді. Олар жоғарыдан түскен бөлшебиктер бұйрығын барын сала атқарумен болды. Белсенділер Мәскеуден түскен азық дайындауға қатысты бұйрықты осылайша көзсіз түрде қолда бар малды қырумен асыра орындады. Осының кесірінен елді ашаршылық жайлады. Бұны да елде қалған-құтқан орташа байларға жауып, олардың да түбіне жетті. Ақыры ғасыр басында 6 миллион болған қазақтың саны Екінші дүниежүзілік соғыс біткенде 2 миллион 300 мыңға өрен жетті.

Фотосуреттер ашық дереккөздерден алынған
Серік ЕРҒАЛИ

ҚҰНЫСКЕРЕЙ ХАЛЫҚ БАТЫРЫ

ҚҰНЫСКЕРЕЙ ҚОЖАХМЕТОВ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ ХАМЗА ЕСЕНЖАНОВТЫҢ «КӨП ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ» (1967), «ЖҮНІСОВТЕР ТРАГЕДИЯСЫ» (1970), ЖАЗУШЫ МАРАТ МӘЖИТОВТЫҢ «ҚҰМДАҒЫ ІЗ», «ҚҰНЫСКЕРЕЙ» (2002), ЖАЗУШЫ, ӨЛКЕТАНУШЫ ӨТЕПБЕРГЕН ӘЛИМГЕРЕВТІҢ «ҚҰНЫСКЕРЕЙ» (2003, 2018), ҚАЙЫРЖАН ХАСАНОВТЫҢ «ҚҰНЫСКЕРЕЙ» КІТАПТАРЫНДА ЖАН-ЖАҚТЫ ЖАЗЫЛЫП, ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ НАҚТЫ ФАКТІЛЕРМЕН СУРЕТТЕЛЕДІ

Ол 1895 жылы қазіргі Көздіғара ауылдық округіне қарасты Тайсойған құлмында туып өскен. Қаракөл 2 кластық орыс-қазақ мектебін бітірген ол өз заманының сауатты азаматы болыпты. Кеңес үкіметі орнағанда дейін Түзтөбеден тұз тасып сатып, тағы да басқа ұсақ саудамен айналысып көсіп қылған. Кеңес үкіметі орнаған соң Көздіғара ауылдық кеңесінің алғашқы төрағасы болып, өлкеде жаңа кеңес өкіметінің қалыптасуына белсене қызмет жасаған. Кеңестік өкімшілдік – өміршілдік саясатқа, елі ішіндегі қуғын-сүргінге шыдай алмай, шала сауатты шенеуніктердің «өлер бақан саясатына» көнбей қарсы шығып, «халық жауы» атанып, «банды Құныскерей» деген атақ таңылып, нақақ құдалауға ұшыраған. 1920-1933 жылдардағы қазақ шаруаларының «Адай көтерілісіне» белсене араласқан күрескер тұлға. Батырлығымен, асқан мергендігімен көзінің тірі кезінде аты аңызға айналған Құныскерей 1930-1935 жылдары Түркіменстанның Мары облысы, Кушка ауданы, Сарахда ауылын паналаған. Ол жақта Жаманов Өбілхайыр (Андрей, Елемес) деген жасырын атпен өмір сүріп, орта деңгейдегі лауазымды қызметтер жасаған.

Халық батырының екі ұлы Айтжан мен Айтмұха, екі қызы Шолпан мен Айманнан өрбіген немерелері мен жиендері, шөберелері Атырау, Қостанай, Маңғыстау қалаларында тұрады. Жалпы, Құныскерей Қожахметовтің тарихи бейнесі 1920-1930 жылдардағы қазақ халқының басына түскен ұлттық трагедияның жиынтық образы десек артық болмас. Оның кесек мінезі, ұлттық салт-дәстүрге деген құрметі, батырлығы мен мергендігі бүгінгі және кейінгі ұрпаққа өрісті өнеге екендігі даусыз. Сондықтан, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа

бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында, аудан өкімдігінің қолдауымен аудан орталығы Миялы ауылында саяси қуғын-сүргін құрбаны, халық батыры Құныскерей Қожахметұлының туғанына 125 жыл толуына орай, ауқымды шаралар өткізу жоспарланып отыр. Осы орайда, Құныскерейді құмаған үшін «банды Хасан» атанған өкем туралы сыр шерткенді жөн көрдім.

Менің өкем, Хасан Сағынбаев 1913 жылы туған, Ұлы Отан соғысының ардагері, өмірінің соңына дейін, ауданның салық мекемелерінде салық жинаушы, қатардағы жұмысшы, құрылысшы болып еңбек етті. Сағынбайдың ең кенже ұлы. Ақша апасы Жылой ауданы жағындағы Адай руына тұрмысқа кеткен. Өкем он тоғыз ағайынды. Оның аты айлығында, өз алдына отау тігіп отырған сегіз үйдің адамдары шума ауруымен ауырған. Бір жасқа жетпеген бала шумамен ауырмайды екен. Патшалық ресейдің заманы, патша әскерлері келіп сол ауылдық қоршап, киіз үйлердің үстіне қызылдарды үйіп, таңертең өртемекші болады. Сол кезде жылап жатқан алты айлық Хасанның дауысын естіген Сағынбайдың інісі, Түлкібайдың баласы Зағыпар он алты жаста екен,

Ол өкесіне: - Мен Сағынбай көкемнің ұрпағынынан бір адам болса да ұрпақ қалдырамын, жылап жатқан алты айлық Хасан, қалай болғанда да соны алып қаламын-деп бата сұрайды.Түлкібай: -Шырағым сен оған барма, босқа өлесің, солдаттар сені атып тастайды- дегеніне қарамастан, түн ішінде еңбектеп барып Хасанды алып шығады. Хасан Зағыпар ағасының үйінде ерке, бұла болып, Зағыпардан басқа адамды тыңдамайтын, кім болса да бетіне тіке айтатын азамат болып өседі. Комсомол мүшесі Хасан ауылдық

кеңес төрағасының айтқан тапсырмасын мүлтіксіз орындап, Зағыпар ағасы берген ала құнанымен шауып жүретін. Бір күні кеңес төрағасы шақырып кеңсеге барса Калмыковтан келген милиция бастығы отыр екен. Ол: - Хасан сен комсомол мүшесісің, өртен тұсқайта атымен, сусын-тамақтарыңды алып осы кеңсеге кел, Құныскерейді қуамыз. - Мен Құныскерейді қууға бармаймын. -Сен не айтып отырсың комсомол мүшесісің, бармасан комсомолдан шығасың. -Шығарсандар шығара беріндер, мен бармаймын-деп шығып бара жатқан Хасанға: -Тоқта, қайт кейін- десе де қарамастан атына мініп Зағыпардың үйіне келеді.Ұзақ уақыт болған жоқ, екі ұш адам келіп: -Хасан сен комсомолдан шықтың, атты алып кетеміз. Ұзын бойлы, еңсегей денелі Зағыпар:

-Атта қандай шаруаларың бар?- дегеніне қарамастан, байлаулы турған атты жетектеп кете барады. Үлкен сырықпен тұра қуған Хасанды, Зағыпар азар ұстап қалады да: -Бала, ат табылар ала берсін, өзің аман бол- дейді. Сол күні Хасан ұйықтай алмай, ақыры түн ішінде Тұрабай көкесінің қыстағына барады. Онда адам жоқ, бірақтайсың тауып алған, адамға тіпті Зағыпар ағасына да айтпай тығып қойып жүрген ұш-төрт оғы бар мылтығы бар еді, соны алып дамылдап көз шырымын алады. Түсіне өмірінде көрмеген Ақша апасы енеді. Апасы: «Қиналып жүрсің-ау бауырым, жетімгім –ай мен бармын ғой» дегенде Хасан шошып оянады. Таң атып қалыпты. Сол жерде: «Бүгін түсте барлық атқа мінгендер советтің кеңсесіне жиналады. Мұның да аты сол жерде болуы мүмкін, атты алып қашады да Жылойға кетіп, Ақша апамды іздеп тауып аламын» деп шешімге келеді. Кеңес кеңсесінің маңы көрмеге байланған толған ат. Өзінің тайы да осында тұр екен. Әуелі елге танымал, аламанда алдын

бермейтін торы төбелді алып кеткісі келеді, бірақ бұл ойдан арылып өзінің ала байталын жетектеп, мылтығын тыққан сайға келіп, жерден бір уыс топырақ алып, іскеп қалтасына салды да күн шығысты бетке алып жүріп кетеді. Лезде бірнеше жүздеген адамдардың топырақ тасып бөгет салып жатқандарының үстінен түседі. Олардан жол сұрағысы келіп бұрылып, артына қарап еді алыстан екі шаң көріңді қуғыншы екенін біліп бұл да атына қамшы салады. Сағынбайдың Есентемір, Адай, Шеркеş руынан үш әйелі болған. Сондықтан Хасан Сағыз бойындағы адайларға нағашылап барады. Олар оны бірнеше күн қонақтап, астына өлді ат беріп Жылойдың бағытын көрсетіп аттандырады. Бір ай жүріп іздеп ақыры апасын табады. Жездесі Хасанның астындағы атын, мылтығын сатып қаражат жинап беріп, Астраханға май таситын «водобозбен» бірге сол жаққа жібереді. Астраханда 10 жылдай портта жұмыс жасаған өкем 1939 жылы елге оралады. Бірқатар адамдар «банды Хасан келді» деп байбалам салғанымен сол кездегі ауылдық кеңестің төрағасы Мұқанғали Телеуов оларды басып, Хасанды аман алып қалады. Өкем сол Мұқанғалидың үйінде тұрып, қолындағы қыз Зобираға үйленіп, үбірлі-шүбірлі гүмұыр кешеді.

Құмар ХАСАНОВ, ардагер ұстаз. Редакциядан: Құныскерей есімі біздің өңірге бөтен емес. Советтің қоғамның халық батырын сұрқия қылып көрсеткені сондай – жылаған баланы «Құныскерей келе жатыр» - деп жұбатқаны да естілді...

Іргелес жатқан Атырау облысының Қызылқоға ауданының орталығы Миялы селосында салынған «Саяси қуғын-сүргін құрбандары және Құныскерей Қожахметұлы атындағы саябақтың» бүгін ашылу салтанаты өтті.

31 мамыр 2022 жыл

3

АЛҒЫС

Басың ауырып, балтырың сыздай қалса, алдымен жүгінетініміз «Жедел жәрдем» қызметі. Шақырту түсе салысымен олар көмекті қажет ететін мекен-жайдан табылуға асығады. Жедел жәрдем жұмысының қаншалықты жауапты екенін ұғынып, күні-түні халық денсаулығын бақылауда ұстап, дертіне дауа іздеген науқастардың өміріне араша түсіп келеді. Медицинаның ең шұғыл түрдегі қызметі болып табылатын жұмысты атқарып жүрген аудандық аурухананың

фельдшерлері Асылан Қасенов, Гүлім Еркінова, Ару Жолдыбаеваларға алғыс білдіремін. Ауыра қалсақ, үнемі жанымыздан табылып, көмек қолын созып, жедел ем-домын жасап жүр. Сондықтан осындай төтеден ауырған науқасқа немқұрайлық танытпай жүрген жоғарыда аталған фельдшерлердің бастарына амандық, жұмыстарын табыс тілей келе шексіз алғыс айтамын.

Елтай ХАЛИДУЛЛИН, Ойыл селосының тұрғыны.

ШАЛҒЫН КӨБЕЛЕГІ КӨБЕЙП БАРАДЫ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Аудан аумағында қалыптасқан ауа – райының жағдайларына байланысты шалғын көбелек зиянкестері санының өсуі байқалауда. Ойыл ауданы бойынша «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар өдістемелік орталығы» РММ мамандары зиянкестердің дамуы мен таралуына мониторингтік тексеру жүргізіп келеді. Мамандар ауа – райының, жоғарғы ылғалдылықтың және төмен температураның үйлесімі шалғын көбелектердегі репродуктивті функциялардың жақсы дамуы үшін оңтайлы екенін анықтады. Көбелектердің таралу аймақтары нақтылануда. Шалғын көбелек ауа

ағынының көмегімен алыс қашықтықтарға дейін ұша алады және жаңа аймақтарда дамып, зақым келтіреді. Зиянкестер көкөніс – бақша дақылдары мен майлы дақылдарды өндірушілер үшін аса қауіпті, сондай — ақ бірінші буын жұлдызқұрттар дөңді – жусанды өсімдіктердің жұмсақ бөліктерін зақымдайды. Зиянкестердің ең көп жиналуы өзендер мен ойпаттардың жанында байқалады. Зиянкестермен күресу туралы ұсыныс құттардың бірінші ұрпағын биологиялық өнімдермен өңдеу: Лепидоцит, Баргузин, Циперус, Самурай супер.

«РФД және БӨО» РММ Ойыл аудандық филиалы

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕНДЕ ЖӘНЕ СУҒА ТҮСУ МАУСЫЫМЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ!

Далалық өрттің қауіпті кезеңі басталды. Сондықтан, Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындардан орман дала алқаптарында, тұрғын үй аумақтарында өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауды сұрайды.

Орман дала алқаптарында өртті болдырмау үшін:

- далалық алқаптарда от жағуға, жанар-жағармай заттары сіңген сұрту материалдарын тастауға, тез тұтанатын және бықсытын материалдарды тастауға тыйым салынады;
- шөп шабуға жұмылдырылатын техникалар мен агрегаттарды техникалық байқаудан өткеннен кейін ғана қолдану;
- техникалар мен агрегаттарды алғашқы өрт сөндіру құралдарының толық мөлшерде қамтамасыз ету;
- табиғат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бағу кезінде от жақпау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау және тез тұтанғыш қоқыстарды шашпау қажет;

Далалық жерлердегі өрттердің басты себебі шаруа қожалықтардың қолданысындағы агрегаттар мен техникалардың ескіріуі, ұшқын өшіргіштермен және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтылмауысалдарынан да өрттер тіркелуде.

Тұрғын үй аумақтарында өрттерді болдырмау үшін келесі шараларды орындау қажет: тұрғын үйлерге, құрылыстарына жақын орналасқан аумақтарды тұрақты түрде қоқыстан, қалдықтардан және өртенетін материалдардан тазалап отыру, қоқыстарды арнайы белгіленген жерлерде жинап, шығарып тастау қажет. Оларды жинау орындарында өртеуге болмайды.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтамай өрттің туындауына жол берілген жағдайда айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасының «Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексіне сәйкес өкімшілік жауапкершілікке тартылатын болды.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының қызметкері Қитанова Қажамайға інісі **Қитанов Мақсат Кенжанұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ташпеновтер отбасына, **Ташпенова Нұрлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1645 таба. Тапсырыс № 702 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

ОЙДАҒЫ ЕЛДІҢ - АҚТӨБЕГЕ ТАРТУЫ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҢЫНДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН ҚАЛА КҮНІНЕ ОРАЙ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ, НҰР-АҚТӨБЕ ЫҚШАМ АУДАНЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ МЕРЕКЕЛІК ШАРАСЫ ӨТТІ.



Ойыл аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары халыққа өз өнерлерін көрсетіп, ашық алаңда концерт берді. Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі, аудандық оқушылар үйі, аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлері Ақтөбе облысының 90 жылдығы, Ұлы Жібек жолында жаңғырған: Көкжар жермеңкесінің 155 жылдығы, Қазақстандағы балалар жылына орай қала халқын ауданның тарихынан сыр шерткен көрмелермен таныстырды. Қала тұрғындарының кішкентай бұлшіндеріне викториналық сұрақтар ойыны ойнатылып, ертегі кейіпкерлерімен естелік суретке түсті. Ойыл жеңімпаздарына сыйлықтар

табысталды. Сонымен қатар мерекелік шарада Ойыл ауданына қарасты Көптоғай, Сарбие ауылдық округтері ағаш үй тігіп, ұлттық тағамдардан халыққа дәм ұсынды. Мерекелік шараға келушілер арасында күлжүрес, арқантартыс, асық ату, күштік экстрим сайыстары ойнатылып, сайыс жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталды. Мерекелік шараға арнайы Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары А.Көпенов келіп қатынасып, қала жұртына өз құттықтауын білдірді. Сөз соңында аудан әкімі Асқар Қазыбаевқа Ақтөбе облысының энциклопедиясын табыстады. Мерекелік шара әрі қарай концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

«СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ» -БАЛА ШАҚТАН БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА



Өткен апта еліміздің барлық өңіріндегідей біздің ауданының да білім ордаларында соңғы қоңырау салтанаты өтті. Жүректерге қуаныш-шаттықпен қоса қимастық сезім сыйлаған шарада жас түлектерге ыстық ықылас пен ақ тілектер ақтарылды. Қайыңды ауылдық округіндегі Саға мектеп-балабақшасында «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» салтанатты жиыны жылдағы дәстүрден өзгеше өтті. Салтанатты шараға арнайы барған аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев пен аудандық білім бөлімінің әдіскері Сағида Досымбаева алтын ұядан қанат қаққалы тұрған түлектердің қадамына сәт-сапар тіледі. Саға мектеп-балабақшасының директоры Тұрлан Дүйсенғалиев үстіндегі оқу жылының мектеп үшін табысты өткендігін айтып, сол үрдістің жалғаса береріне сенім білдіріп, жыл қорытындысы бойынша оқу жылының озықтарын мақтау қағаздарымен марапаттады. Сонымен қатар білім саласындағы жетістіктері үшін бірқатар мұғалімдерге Құрмет

грамотасы мен Алғыс хаттар табыстады. Сондай-ақ соңғы қоңырау салтанаты осыдан 40, 30, 25, 20 жыл бұрын бітірген түлектердің жүрегіне де айрықша қуаныш сыйлады. Еліміздің әр түкпірінен келіп, туған мектебін тағзым етіп, балалық шақтарын еске түсірді. Бақилық болған ұстаздарын бір минут үнсіздікпен еске алды. Осы мектепті 40 жыл бұрын бітірген түлектердің атынан сөз алған Моншақ Қарағойшина жиналғандарды мерекемен құттықтап, сынып жетекшілеріне сыйлығын ұсына, 30 жыл бұрын түлеп ұшқан түлектер Райымбек Құрманғазин, Анар Есенғазина мектеп кездердегі естеліктерімен бөлісіп, мектеп басшысына өз сыйлықтарын тапсырды. Ал, 25 жыл бұрын осы мектепті бітірген түлектердің атынан қалалық «Феникс» емханасының мейрбикиесі Айымгүл Мендіғалиева жүрекжарды тілегін білдірді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл-Қайыңды-Ойыл.

ТҮЛЕКТЕРДІҢ ТАРТУЫ



Әр жылдары мектеп бітірген түлектердің білім ордаларындағы соңғы қоңырау қарсаңында қайырымдылық жасап, өз ауылының көркейіп-көркітенуіне үлес қосуына дестүрге айналды. Бүгінде елімізде туған жерінің, туған ауылының барын бағамдап, жоғын түгендеуге, перзенттік борышын өтеуге ниетті азаматтар қатары көбейіп келеді. Бұл - қуантарлық жайт. Әсіресе, мектеп бітіргендеріне 10, 20, 30, 40 жыл болған азаматтардың бас қосуы - көптен кездеспеген құрбы-құрдастар балалық шаққа саяхат жасап қана қоймай, туған ауылына тарту жасауға бейімділігі жерлерінің өлеуетін көтеруге зор ықпал болып отыр.

Биыл да Қайыңды ауылдық

округінің түлектері тарту жасап, ауылдастарының алғысын алуда. Мектеп бітіруші түлектердің кездесуіне орай Саға мектеп-балабақшасын 1980 жылы бітіруші түлектер мектептегі орыс тілі кабинетін жасақтап берсе, 40 жыл бұрын төамдаған түлектер мұғалімдер бөлмесіне жиһаз тарту етті. Ал, осы шаңырақты 20 жыл бұрын төамдаған түлектер 1985 жылы туған азаматтар ауылға спорт алаңшасын тарту етті. Мерекелік шаралардан соң, алаңның ашылу салтанаты болып, лентасын аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев пен 1985 жылы туған азамат Елеген Бікіров қиды.

Г.БАЙҚЫЗЫ.

МҮГЕДЕК БАЛАЛАРЫ БАР АТА-АНАЛАРҒА

ҚОСЫМША ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫ БЕРІЛМЕК

Елімізде мүгедек балалары бар ата-аналарға ақысы төленетін қосымша еңбек демалысын беруді көздейтін заңнамалық түзетулер қарастырылып жатыр. Бұл жайында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың Мәжіліс депутаттары сауалына берген жауабында айтылды. «Еңбек кодексінің 89-бабына сәйкес, жұмысшылармен еңбек, ұжымдық келісімшартпен қосымша ақысы төленетін жылсайынғы еңбек демалысы белгіленуі мүмкін. Осылайша, мүгедек бала тәрбиелеп отырған жұмысшыға ақысы төленетін қосымша еңбек демалысын беру мәселесін тараптар еңбек, ұжымдық

келісімшарт аясында шеше алады», - деді Үкімет басшысының орынбасары жауабында. Оның атап өтуінше, бұл мәселе өте өзекті. Сондықтан ол жұмыс берушілермен және «Атамекен» ҰКП-мен бірге заңнаманы жетілдіру, Өлеуметтік кодекс өзінше аясында қаралатын болады. «Бұған қоса, бүгінде Үкімет, жұмысшылардың республикалық бірлестігі және жұмыс берушілер арасындағы бас келісім жүзеге асырылып жатыр. Онда келісім және ұжымдық келісімшарт аясында әйелдердің, жастар мен мүгедектердің негізгі құқықтары мен кепілдерін жүзеге асыруға жұмыс берушінің жағдай жасау көзделген», - деді Ералы Тоғжанов.

ТАЛ ЕКСЕҢ – КӨШЕҢ КӨРІК, ӨЗІҢЕ САЯ!

Биылғы жыл өзгеше. Неше жылдан бері көніміз кеуіп, құйқамыз тырысып, шөлдеп жүр едік. Су келді. Дала жайнап тұр. Ылғал мол. Иә, жыл басы үйренбеген, көптен көрмеген жағдайға сасқалақтау, абыржу болды. Айтпағымыз ол емес еді. Биыл «Ойыл орман шаруашылығы» КММ бойынша 725 га жерге ағаш отырғызылды. Жекендіге кіретін көтерме жолдың сол жақ қапталына. Ауылдың екі жігітін уақытша орман күзетшілігіне алдық. Мал тапмасқа, қой-ешкі жемеске. Жаз осылай ылғалды болып, жарын да ылғал болса бір-екі жылда жайқалған орман болары анық. Тек ауыл адамының малы жеп қоймаса болды. Қой-ешкінің тісі тиген ағаш өспейді. Сиыр жемесе де тілімен орап лақтыра береді. Егілген көшеттің бәрі өзімізден.

Орман шаруашылығы жігіттерінің еңбегі. Былтыр үш миллион бес жүз мың қарағаш көшетін өсірдік. Одан бөлек қарағай, алхоры, үйеңкі, шаған, жиде, мойыл, терек, қарақат көшеттерін өсіріп отырмыз. Кімге керек? Алыңыздар, егіңіздер. Бағасы кеңілге қонымды. Тамшылатып суаруды қолданып отырмыз. Төлімбақтың жалпы көлемі 16 га. Оның ішінде 6 гектарына көшет егіледі. Биылғы көлем 10 га болады. Ауыспалы тәсіл. 2020-2021 жылдары Президенттің екі миллиард ағаш отырғызу туралы тапсырмасына сәйкес материалдық базаны нығайтуға облыс бюджетінен қаражат бөлініп - 3 дана МТЗ-920 тракторы, 1 дана Беларус 1523, Беларус 2022 тракторы алынды. Одан бөлек 1 дана ПТС-4 тракторы

тіркемесімен, жылжымалы тұрғын вагон, тамшылатып суару үшін 150 мм-лік су сорғысы, 2 ПЛН-5,35 соқасы алынды. Ағаш отырғызуға 8 дана ағаш отырғызу машинасы алынды. Осы жылы топырақ өңдеу машиналарына қаражат бөлінді. Айтпақшы, «мал жемеске» дегеннен шығады. Бұрын жайылымдық жерлерге ағаш өсіру туралы бағдарлама болған. Шатырлап, дөңгелектеп егіледі. Жазда көлекке, қыста ық болмаққа. Шаруа қожалықтары түбі осыны қолға алуы керек. Быыл көшет еккен адамдар – ағаштарыңыз жемісті болсын!

Төмірбек СЕНҒАЛИЕВ, «Ойыл орман шаруашылығы» директорының орынбасары.



БАЛАЛАР ДАҒДЫЛАНУЫ ТЫС ЖЕТІ ҒАДЕТ



Kaspersky қазіргі заманғы балалар үшін 7 маңызды цифрлы әдетті белгіледі. Бүгінде цифрлы кеңістікте өмір сүру дағдылары баршаға қажет. Сондықтан ата-аналардың міндеті – балаларды осындай ауқымды ақпаратты бар өлемде өмір сүруге үйрету. Kaspersky мамандары балаға әлеуметтік желідегі дұрыс мінез-құлықты дамытуға көмектесетін жеті әдетті анықтады. 1. **Гаджеттерсіз уақыт** Балалар техниканы көп қолданғанда оған тәуелділік туындауы мүмкін. Бұл ұйқының бұзылуына, көңіл күйдің кенеттен өзгеруіне, артық салмақтың пайда болуына, өзін-өзі бағалауының төмендеуіне және өз денесін жеткілікті қабылдауға әкелуі мүмкін. Теріс салдардың алдын алу үшін гаджеттерді ұйықтар алдында пайдаланбау және түнде үнсіз режимді қосу қажет. Телефонды мүлдем қолдануға болмайтын басқа жағдайларды да талқылау керек. Мысалы, отбасылық түскі ас кезінде. 2. **Қуатын бақылау** Технологияның қарқынды дамуына қарамастан, қазіргі заманғы гаджеттердің қуаты тез тасуылып қалады. Бала әрдайым тайланбастан болуы үшін ұйықтар алдында телефонды дөлізде немесе ас үйде қуаттауды ұсынғыңыз. Осылайша, сіз екі қоянды бір оқпен атасыз: құрылғы

әрдайым таңертең қуатталып тұрады, ал баланың ұйықтар алдында күлкілі суреттерді қарап жататын мүмкіндігі болмайды. Сондай-ақ балаға сыртқы аккумулятор сатып алып, оны үйден ұзақ уақытқа кетіп бара жатқанда өзімен бірге алып жүруге үйрету пайдалы болады. 3. **Қауіпсіздік ережелерін сақтау** Бала виртуалды әлемге енген кезде, оған желіде ғана емес, нақты өлемде де қауіп төнеді. Ең алдымен, жолды кесіп өткенде немесе баспалдақпен жүргенде телефонға қарауға болмайтынын түсіндіріңіз. Интернеттегі қауіпсіздік туралы бөлек сөйлесіңіз, өйткені бала алаяқтыққа, жеке деректердің ұрлануына, вирус-тарға және басқа да көптеген қауіпке тап болуы мүмкін. Және міндетті түрде ешбір жағдайда жеке құжаттарды, банк карталарындағы деректерді және оны немесе достарының бірін ыңғайсыз жағдайға душар етуі мүмкін фото-суреттерді интернетте бөлісуге болмайтынына баланың назарын аударуды ұмытпаңыз. 4. **Экологиялық медиа тұтынуға ымытылу** Шексіз хабарламалар шаршатады және бір іске шоғырлануға мүмкіндік бермейді. Балаларды былай қойғанда, тіпті ересектерге де кейде «мессенджерге бір секундқа ғана

қарау» әдетін жеңу оңай емес. Баланың телефонындағы ескерту-лерді шектеңіз, ол оқудан немесе басқа әрекеттерден алаңдамайды, жұмыстарын тезірек аяқтайды және аз шаршайды. 5. **Цифрлы этикетті сақтау** Көдімгі офлайн кеңістігіндегідей, цифрлы өлемде де белгілі бір әдеп нормалары бар. Адам әдетте бұл ережелерді желідегі байланыс арқылы үйренеді. Бірақ балаға кейбір нормалар туралы алдын ала айтып, ыңғайсыз жағдайларды болдырмауға көмектесу керек. Мысалы, онлайнда отырып, қандай әрекет жасауға, ал қандай әрекеттен аулақ болуға түсіндіру қажет. Әмбебап тексеру – өзіңізге сұрақ қойыңыз: мен осыны адамға бетпестей айта аламын ба? Интернеттегі адамдарды қорлау және тіл тигізу рұқсат етілмейтін нәрсе. 6. **Ақпаратты жүйелеу** Телефондағы және компьютердегі тәртіп – санадағы тәртіптің көрінісі. Шақтағы хаос сіздің балаңыздың өмірін қиындатуы екіталай, бірақ жоғалған парольдер, файлдар немесе ұмытылған телефон нөмірлері қиындық келтіруі мүмкін. Баланы жас кезінен деректерді жүйелеуге үйрету керек. 7. **Тұрақты «цифрлы детокс» ұйымдастыру** Цифрландыру бала өмірінің барлық саласына әсер етті: ата-аналармен және достармен қарым-қатынас, оқу, хобби. Ата-аналар балалардың экран алдындағы уақыттың барынша азайтуға қанша тырысса да, баланың санасында ақпараттың толып кетуіне жол бермеу мүмкін емес. Яғни бала өз өміріндегі интернеттің рөлін азайтып, өзін бір сәтке тоқтата алуы керек: алдымен сіздің көмегіңізбен, содан кейін өз күшімен. Ақпараттың толып кетуімен күресудің тиімді (бірақ өлдеқайда күрделі) әдісі – «цифрлы детокс», яғни белгілі бір мерзімге гаджеттерден толық бас тарту. Оны үнемі жүргізген дұрыс. Цифрлы дәуір ата-аналарға жаңа міндеттер қойды. Оларды шеше отырып, ең бастысы, ең жақсы мысал өзіңіз екенін ұмытпау керек. Бұл ережелерді сақтау оңай болмайды, бірақ уақыт өте келе олар әдетке айналады және баланың өмірін жарқын етеді. Думан АНАШ

БАЛАЛЫҚТЫҢ БАҚЫТТЫ ӘЛЕМІН ТЕРБЕТКЕН КҮН



Биылғы «Балалар жылы» аясында 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» атындағы орталық саябақта «Әлем – бақытты балалық шақ көзімен» атты мерекелік шешуді Аудандық кітапхана мен Балалар кітапханасы біріге ұйымдастырды. Бақытты балғын шақтың күесіндей болған 1 маусым - бүкіл әлем балаларына ортақ мереке. Бұл күнді Балаларды қорғаудың халықаралық күні деп атап өткізу туралы шешім, 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданған болатын. Осынау атаулы күнді атап өту-кітапханалар назарынан тыс қалып көрген емес. Балалар кітапханасы – кітап әлеміне жол салатын алғашқы баспадан. Осы жерден жас кітапқұмарлар, рухани жаңа байлығымен сусындап, өз болашағына мықты көпір салады. Талай елімізге танымал жарық жұлдыздар кітаптан білім алу арқылы, өмірде керемет жетістіктерге қол жеткізген. Осы орайда кітапты ерекше құрметтейтін, бір топ жас оқырмандарымыз «Үздік оқырман бала-2022» номинациясы бойынша марапатталып, Аудандық ОКЖ-ның директоры А.Наурызозованың атынан «Алғыс хаттар» мен сыйлықтар иеленді. Оларды атап өтер болсақ, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 ертегі айтып, бұлдіршендерге рухани

демалыс сыйлаған Көптоғай ауылының кішкентай тұрғыны Болат Айым, облыстық «Бала би-2020» шешендік байқауының бас жүлде иегері Айбекұлы Әліхан, «Жазғы оқу» бағдарламасына белсене қатынасқан Абзалқызы Кеусар, Ерланқызы Инабат, Сағынбайқызы Аяла, Артурқызы Қарақат, кітап насихаттауға ерекше үлес қосқан Хасматжан Нұрислам, Каримолла Аглен, «Шапағат» ерекше балалар клубының белсенді мүшелері Қайырбек Нұржігіт, Еламанов Айбындар марапатталды. Балалар кітапханасы - аудан балаларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында, аудан басындағы білім беру орындарымен тығыз жұмыс жасайды. Олар аудандық саз мектебі, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназия, Ойыл қазақ орта мектебі, Ж.Жүсіпбеуіев атындағы орта мектебі және аудандық түзетім кабинеті, «Асанәлі», «Жолшы», «Балдырған» бөбекжай-бақшалары тәрбиешілерінің кітапханалық қызметті насихаттауға қосып отырған еңбектері орасан зор. Осы айтулы мерекеге орай «Балалар шығармашылығын дамыту-дағы ерекше бірлестік» номинациясымен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 3 «а» сыныбы, «Асанәлі» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Жолшы» бөбекжай-

бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Алғыс хат» пен сыйлықтармен марапатталды. Барлық жақсылық атаулы ананың сүтімен, өкпені қанымен отбасындағы талбесіктен алған тәрбиемен берілетіне ақиқат. Отбасы- баланың айнасы, бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, олардың рухани дамуына көңіл бөлетін ата-аналарға ризашылығымыз мол. Осы орайда Балалар кітапханасы жанындағы «Кеусар» оқырман отбасы клубының мүшелері Жұмабаевтар және Жақсылықовтар отбастары «Үздік оқырман отбасы-2022» номинациясына ие болды. Өріне мерекеде өн салмау мүмкін бе, ал бала-бақша бұлдіршіндері өн айтып, дөңгелене билеп мерекенің шырынын келтірді. Барлық бала тәттіні жақсы көреді, ал «Шұғыла» демалыс орталығының мамандары ұсынған тәттілер де мерекенің сенін келтірді. Сөз соңында балаларға тамаша сыйлықтарымен демеушілік жасаған «Нұрлыбек», «Қуаныш» және «Сәт» сауда орындарының иелері жомарты жанды көсіпкер аға-апапарларымызға жас бұлдіршіндер атынан үлкен алғысымызды білдіреміз!

Гүлтайым Аманжолқызы, Ойыл аудандық балалар кітапханасының аға кітапханашысы.